

Айтас холдингі мен Ақмола облысы әкімдігі арасында құс асыл тұқымды репродуктор салу туралы меморандумға қол қойылды

Ақмола облысы әкімі Марат Ахметжанов Айтас холдингі басшылығымен кездесіп, алдағы ынтымақтастық перспективаларын талқылады.

«Макинск құс фабрикасын 2,1 мыңнан адамды жұмыспен қамтиды, құс еті өндірісі жылына 90 мың тоннаға жетеді. Бұл өңірдің даму локомотивіне айналып келе жатқан Ақмола облысындағы ірі агроөнеркәсіптік кешен», – деді Айтас холдингінің негізін қалаушы Серік Толықпаев.

Холдинг әлеуметтік салаға үлкен көңіл бөледі. Айтас meken foundation соңғы 7 жылда 70-тен астам жобаға 9,2 млрд теңгеге жуық әлеуметтік инвестиция тартқан. Макинск қаласының мектеп-гимназиясы жаһандық Google for Education бағдарламасының қатысушысы атанды. Бұдан бөлек, Айтас meken foundation Бұланды ауданы әкімдігі мен жергілікті кәсіпкерлерімен бірлесіп, ауданның ұзақ мерзімді даму стратегиясын қабылдағанын хабарлады.

«Стратегия аясында 2030 жылға экономика, экология және әлеуметтік салада 100-ден астам инвест жобаны іске асыруды жоспарлап отырмыз», – деді Фатима Герфанова.

Тараптар компанияның әрі қарай дамуын, соның ішінде инкубациялық жұмыртқа өндірісін іске қосу мәселелерін талқылады. Құны 47 млрд теңге болатын инвестициялық жоба Орталық Азиядағы ең ірі құс асыл тұқымды репродукторға айналмақ.

«Біз өңірдегі перспективалық жобаларды, әсіресе мал шаруашылығы мен ауыл шаруашылығы

өнімдерін қайта өңдеу бағыттарын қолдауға дайынбыз. Қазір облыста 400 мыңнан астам ірі қара мал бар, ұсақ мал басын арттыру бойынша да жақсы жобалар бар. Кәсіпорындардың әлеуетін пайдаланып, халықтың тұрмыс деңгейін жақсарту қажет», – деп атап өтті Марат Ахметжанов.

Кездесу қорытындысында



құс асыл тұқымды репродуктор жобасын жүзеге асыру аясында одан әрі ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

Заключен меморандум между акиматом Акмолинской области и холдингом Айтас о строительстве птицеплемрепродуктора

Акимолинской области Марат Ахметжанов встретился с руководством холдинга Айтас для обсуждения дальнейших перспектив сотрудничества.

«На Макинской птицефабрике созданы более 2,1 тыс. рабочих мест, производство мяса птицы достигает 90 000 тонн в год. Это крупный агропромышленный

foundation Фатима Герфанова рассказала о социальной миссии холдинга. За 7 лет работы фонда в регионе реализовано более 70 проектов, привлечено социальных инвестиций на сумму 9,2 млрд тенге. Макинская школа-гимназия стала участницей глобальной программы Google for Education.

Айтас meken foundation с акиматом и бизнес-сообществом Бұландынского района разработал долгосрочную стратегию устойчивого развития района «Бұланды – дом, в котором хочется жить».

«Видение развития Бұландынского района предполагает реализацию более 100 инвест-проектов до 2030 года в экономике, социальной среде и экологии», – говорит Фатима Герфанова.

Стороны обсудили перспективы дальнейшего развития компании, в том числе производство инкубационного яйца. Инвестпроект на 47 млрд тенге будет крупнейшим птицеплемрепродуктором в Центральной Азии.

«Мы готовы поддерживать перспективные проекты по всему региону, особенно по развитию животноводства и переработке сельхозпродукции. Сейчас в регионе более 400 тыс. голов КРС, есть хорошие проекты по увеличению поголовья МРС. Надо использовать потенциал предприятий, чтобы население почувствовало улучшение уровня жизни», – подчеркнул Марат Ахметжанов.

Итогом встречи стало подписание меморандума о дальнейшем сотрудничестве в рамках реализации проекта птицеплеменного репродуктора.

Сайт акима Бұландынского района.



блок Акмолинской области», – рассказал основатель холдинга Айтас Серік Толықпаев. Исполнительный директор Айтас meken

Сыбайлас жемқорлық – ел ертеңіне төнген қауіп

Аудандық кітапханада «Тұрғындардың жемқорлыққа қарсы құқықтары мен міндеттері» атты дөңгелек үстел өтті. Оған аудандық әкімшілікте қызмет ететін мемлекеттік қызметкерлер, Ішкі істер және төтенше жағдайлар бөлімдерінің мамандары қатысты. Жиналған көпшілікке жемқорлықтың зардабы жайлы кең түсінік беріліп, бейне ролик көрсетілді. Ішкі істер бөлімдерінің қызметкерлері жемқорлықпен күрес еліміздің басты бағыттарының бірі екенін атап өтті. Аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, денешынықтыру және спорт бөлімінің бас маманы Орал Серікқызы Курумбаева өз ойын ортаға салып шараның

маңыздылығын тілге тиек етті. Кітапхананың бас маманы Масленникова Татьяна Николаевна кітапхана қорына жаңа келген кітаптармен таныстырып, көпшілікті кітап оқуға шақырды.

Жемқорлық – ел ертеңіне балта шабатын, ұлт болашағына зардабын тигізетін құбылыс. Онымен күрес тек құзырлы органдардың міндеті емес барша ел азаматтарының парызы. Жемқорлыққа қарсы құқықтар мен міндеттер – қоғамдағы әділдік пен сенімділікті қамтамасыз етудің маңызды бөлігі. Әрбір азамат пен қызметкер заңды сақтап, адалдық қағидаларын ұстанса, жемқорлық деңгейі айтарлықтай төмендейтіні сөзсіз.

Өзіміздің ақпарат.

Қазақстан қауіпсіз ел болуы тиіс. Сондықтан «Заң және тәртіп» қағидаты қоғамымыздың негізгі ұстанымына айналды. Оны іске асыру аясында біз сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейтеміз. Онсыз Әділетті Қазақстан туралы айту мүмкін емес.

Соңғы бес жылда қылмыс деңгейі, соның ішінде көшедегі қылмыс айтарлықтай төмендеді, ал елдегі криминагендік ахуал қатаң бақылауда. Тұрмыстық зорлық-зомбылық жағдайлары да азайды. Бұл саладағы еліміздің тәжірибесіне шетелдік сарапшылар ерекше қызығушылық танытуда.

Түптеп келгенде, «Заң және тәртіп» тұжырымдамасын іске асыру – еліміздің жарқын болашағын қалыптастырудың маңызды құралы болып табылады.

Президент Қ. Тоқаевтың халыққа Жолдауынан.



АУДАН ТЫНЫСЫ – ПУЛЬС РАЙОНА

ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ДАМУДЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ: ВОЗНЕСЕНКА АУЫЛЫНДАҒЫ ОҢ ӨЗГЕРІСТЕР

Мемлекет басшысы өз Жолдауларында өңірлерді дамыту мәселесіне ерекше тоқталып, елдің тұрақты дамуы ең алдымен аймақтардың даму деңгейіне тікелей байланысты екенін атап өтеді. Президенттің айтуынша, ауылдар мен өңірлердің инфрақұрылымын жаңғырту, сапалы жол, ауыз су, электр жарығы және интернетпен қамтамасыз ету – халықтың өмір сүру сапасын арттырудың негізгі шарты. Сонымен қатар, қала мен ауыл арасындағы әлеуметтік және экономикалық алшақтықты азайту мемлекеттік саясаттың басты міндеттерінің бірі ретінде белгіленген. Әр өңірдің әлеуетін тиімді пайдалану, жергілікті экономиканы дамыту және жаңа жұмыс орындарын ашу арқылы ғана теңгерімді даму қамтамасыз етілетіні айтылған. Осы бағытта ауылдық елді мекендерді қолдау, әлеуметтік нысандар салу және инфрақұрылымды жетілдіру жұмыстары жүйелі түрде жалғасуы қажет екені ерекше назарға алынады.

Ауданымызға қарасты мемлекеттің тиісті назарына илінген ауылдық округтерінің бірі – Вознесенка ауылдық округі. Бұл округте соңғы жылдары ауқымды инфрақұрылымдық жобалар жүзеге асырылып, елді мекеннің әлеуметтік-экономикалық келбеті айтарлықтай жаңарды. Бюджеттен бөлінген 3,1 миллиард теңге көлеміндегі қаржы есебінен барлығы 8 ірі жоба толық аяқталып, ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған кешенді жұмыстар жүргізілді. Жобалардың басым көпшілігі «Ауыл – ел бесігі» мемлекеттік ауқымды бағдарлама аясында жүзеге асып, аталған бастамалар ауыл инфрақұрылымын жаңғыртып қана қоймай, оның болашақ даму әлеуетін де күшейтеді.

Оқу процесіне қолайлы жағдай жасалды

Осы тұрғыда Вознесенка ауылындағы жалпы білім беретін орта мектеп соңғы жылдары ауқымды күрделі жөндеу жұмыстарынан өткені туралы бірден айтқан абзал. Кеңес дәуірінде, 1969 жылы салынған білім ошағы ұзақ уақыт бойы жаңартуды қажет етіп келген. Осыған байланысты мемлекет тарапынан арнайы қаржы, атап айтқанда, 330 миллион теңге бөлініп, мектепті кезең-кезеңімен жаңғырту жұмыстары қолға алынды.

Жобаның негізгі мақсаты – ауыл оқушыларына заманауи, қауіпсіз және қолайлы білім беру ортасын қалыптастыру болды. Күрделі жөндеу барысында ғимараттың сыртқы келбеті мен ішкі бөлмелері жаңартылып, инженерлік жүйелер толықтай қайта қаралды. Атап айтқанда, жылу жүйесін жаңарту, электр желілерін ауыстыру, терезелерді заманауи үлгіге келтіру және сынып кабинеттерін жөндеу жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, спорт және акт залдары, асхана секілді маңызды нысандар да кезең-кезеңімен қалпына келтірілді.

Жөндеу жұмыстары екі жылға жоспарланған кешенді жоба аясында іске асырылды. Бұл инвестиция ауыл мектебінің материалдық-техникалық базасын айтарлықтай жақсартуға мүмкіндік берді. Нәтижесінде мектеп оқушылары мен ұстаздары үшін оқу процесіне қолайлы жағдай жасалды.

Аталған жөндеу жұмыстары ауылдық білім беру инфрақұрылымын дамытуға бағытталған мемлекеттік саясаттың бір бөлігі болып табылады. Соңғы жылдары Ақмола облысында ондаған

мектеп күрделі жөндеуден өтіп, «Ауыл – ел бесігі» және өңірлік дамыту бағдарламалары аясында жаңғыртылуда. Бұл өз кезегінде ауыл мен қала мектептері арасындағы білім сапасындағы айырмашылықты азайтуға ықпал етуде.

Вознесенка мектебіндегі жаңарту жұмыстары тек ғимаратты жөндеу емес, ауыл жастарына тең мүмкіндік беру жолындағы маңызды қадам ретінде бағаланады. Жаңартылған білім ордасы оқушылардың сапалы білім алуына, ұстаздардың тиімді жұмыс істеуіне және ауылдың әлеуметтік дамуына оң әсерін тигізіп отыр.

Адамның жаны да азық сұрайды

Ауылдың әлеуметтік өмірінде маңызды орын алатын мәдениет саласы да назардан тыс қалған жоқ. 100 орындық мәдениет үйінің құрылысы толық аяқталуы – ауыл тұрғындары үшін үлкен қуаныш. Бұл нысан жергілікті халықтың бос уақытын тиімді өткізуіне, түрлі мәдени іс-шаралар мен қоғамдық жиындарды ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда бой көтерген заманауи ғимарат ауылдың сәніне айналды. Іші жарық, жылы, кең, сырты жарқырап көз тартады, айналасы абаттандырылған. Жалпы жобаның жүзеге асырылуына мемлекеттік бюджеттен 884 миллион теңге бөлінген еді.

Өзекті жобалар – ел игілігіне

Инфрақұрылымның маңызды бөлігі саналатын жол және көлік қатынасы да бюджеттік қолдауға ие болып, бұл мәселеге 270 миллион астам теңге қаражат бөлінді. Ауыл ішіндегі 10,6 шақырымды құрайтын орташа жөндеу жұмыстары мен 1 шақырымдық көшелік жолдарды жаңарту нәтижесінде қозғалыс қауіпсіздігі мен қолайлылығы артты.

Сондай-ақ, 6,1 шақырымдық сыртқы жарықтандыру желісінің орнатылуы ауылдың түнгі қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, қоғамдық кеңістіктердің қолайлылығын арттырды. Жобаның құны 125 миллион теңгені құрады. Ал, спорттық алаңның салынуы жастардың бос уақытын тиімді өткізуіне және салауатты өмір салтын қалыптастыруға ықпал етті.

33,6 шақырым су құбыры желілерін реконструкциясына 1 миллиард теңге қаржы бөлініп, сол арқылы ауыз су жүйесінің тұрақтылығы мен сапасы артты. Бұл өз кезегінде ауыл тұрғындарының күнделікті өміріндегі ең өзекті мәселелердің бірін шешуге мүмкіндік берді.

Ауыл мен аудан арасындағы байланысты нығайтатын маңызды көлік артериясы

Ауыл халқының көптен күткен жобаларының бірі – Вознесенка ауылындағы ұзындығы 78 метрлік жаңа автокөлік көпірінің құрылысы аяқталуы. Бұл

көпір 2014 жылы апатты деп танылған болатын, содан бері ауыл тұрғындары оны қайта жаңартуды ұзақ жылдар бойы күтті. 2023 жылы «Ауыл бесігі» бағдарламасы аясында құрылыс басталып, 2025 жылы нысан пайдалануға берілді. Жобаның жалпы құны – 724,5 миллион теңге. Енді тұрғындар үшін аудан орталығына қатынау ыңғайлы әрі қауіпсіз болды.

Жобаны жүзеге асыру барысында ескі құрылыс толықтай бұзылып, тиісті күрделі құрылыс жұмыстары жасалып, жол төсемі төселіп, қоршаулар қойылды.

Көпір құрылысының аяқталуы Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжановтың бастамасымен жүзеге асқанын да айта кеткен жөн. Ол Буланды ауданындағы жұмыс сапары барысында гидротехникалық нысандардың жағдайына ерекше назар аударған болатын. Жаңа көпір ауыл инфрақұрылымын дамытуға және ауыл тұрғындарының өмір сапасын жақсартуға бағытталған маңызды қадам болғаны сөзсіз.

Жаңа көпір – жай ғана өткел емес, бұл ауыл мен аудан арасындағы байланысты нығайтатын маңызды көлік артериясы.

Жалпы алғанда, Вознесенка ауылында жүзеге асырылған бұл жобалар – кешенді даму саясатының нақты нәтижесі. Инфрақұрылымдық жаңғырту тек физикалық нысандардың салынуымен шектелмей, ауыл тұрғындарының өмір сапасын арттыруға бағытталған жүйелі қадам екенін көрсетеді. Мұндай инвестициялар ауылдың әлеуметтік тұрақтылығын күшейтеді, оның болашақта одан әрі дамуына берік негіз қалайды.


А. АМАНЖОЛОВА.

Ақмола облысында «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы ауылдық елді мекендердің әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымын жаңғыртуға бағытталып, жүйелі түрде іске асырылып келеді. Соңғы алты жыл ішінде өңірде жалпы құны шамамен 59,6 млрд теңгені құрайтын 387 жоба жүзеге асырылған. Бағдарлама аясында білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт салаларындағы 57 нысан салынды және қайта жөндеді, сондай-ақ 330-дан астам әлеуметтік нысан мен ауылшілік жолдар жаңартылды.

Жобалардың нәтижесінде 140-тан астам ауылдық елді мекен қамтылып, 270 мыңнан астам тұрғынның өмір сүру сапасы жақсарды. Сонымен қатар, инфрақұрылымдық жұмыстардың арқасында 1,6 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылып, ауылдардың әлеуметтік-экономикалық белсенділігі артты.

Бағдарлама жалғасып, Ақмола облысында 80-нен астам ауылды қамтитын 100-ден астам жоба жүзеге асырылды. Олардың қатарында мектептерді жөндеу, жолдарды орташа жөндеу, инженерлік желілерді жаңарту және әлеуметтік нысандарды дамыту жұмыстары бар.

Жалпы алғанда, «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы Ақмола облысында ауыл инфрақұрылымын жаңғыртып қана қоймай, халықтың өмір сапасын арттыруға, көші-қонды азайтуға және өңірлердің теңгерімді дамуына ықпал етіп отыр.



Адалдық, дәстүр және қазіргі заман

«Қозы Көрпеш-Баян Сұлу» Ұлттық мерекесіне орай Жастар ресурстық орталығында жастарға арналған тақырыптық кеш өтті.

Іс-шара бағдарламасында:

Диалог алаңы: қатысушылар қазіргі әлемдегі отбасылық құндылықтар мен рухани мұраның маңыздылығын талқылады.

Бейне көрсетілімі: қонақтар ұлы махаббат пен адалдық туралы фильм көргеннен кейін аңызға айналған кейіпкерлердің тарихына үңілді.

Дөңгелек үстел барлық қатысушыларға шынайы сезімдер сыйлап, адалдық пен құрмет мықты болашақтың негізі екенін еске салып, жанды пікір алмасу форматында өтті.

Махаббат - біз бірге сақтайтын мұра!

Буланды аудандық Жастар ресурстық орталығы.



ПЕДАГОГТАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ – ТВОРЧЕСТВО ПЕДАГОГОВ



«Кәсіподақ жұлдыздары»: өнерлі сала қызметкерлері сахна төрінде

Қазақстан халқының бірлігі күні, Отан қорғаушылар күні және Жеңіс күні мерекелері қарсаңында ауданымызда білім беру ұйымдарының қызметкерлері арасында «Кәсіподақ жұлдыздары» атты жарқын әрі шабыт сыйлаған байқау өтті.

Әрбір өнер көрсету – мамандыққа адалдық, достық, патриотизм және шынайы шығармашылық туралы шағын бір хикаяға айналды. Қатысушылар әрбір нотаға, әрбір қимылға жанын салып, көрермендерді бірде толқытып, бірде ду қол шапалаққа бөледі.

Байқаудың басты мақсаты – шығармашылық қабілеті жоғары білім қызметкерлерін қолдау және кәсіподақ қозғалысының мәдени әлеуетін дамыту. Ұйымдастырушылар дарынды педагогтарды анықтау, олардың орындаушылық шеберлігін жетілдіру және шығармашылық арқылы ұжымдық мәдениетті нығайту міндеттерін алға қойды.

Қазылар алқасы қатысушылардың өнерін бірнеше критерий бойынша бағалады: орындаудың өзіндік ерекшелігі, музыкалық шеберлігі, көркемдік деңгейі, сахналық мәдениеті, композициялық шешімі, тақырыпқа сәйкестігі және техникалық орындалуы. Әрбір дуэт өзіндік ерекшелігімен таң қалдырды: біреулері жүрекке жететін нәзік лирикалық әндермен әсер етсе, енді біреулері қуатты энергиясымен көрермендерді баурап, нағыз шоу көрсетті.

Байқау қорытындысы:

Бас жүлде – Макинск қаласындағы балалар музыка мектебінің дуэти - Даража Дусаева және Айгүл Тасанова.

I орын – Қараөзек ауылының жалпы білім беретін

мектебінің дуэти -

Венера Джурманова және Саттігүл Елеш.

II орын – Новобратское ауылының жалпы білім беретін мектебінің дуэти -

Александра Сергеева және Валентина Фомичева.

III орын – Айнакөл ауылының жалпы білім беретін мектебінің дуэти -

Самал Пернебаева және Марфуга Жумабаева.

Номинациялар:

- «Ең сүйкімді жұп» – Вознесенка ауылының жалпы білім беретін мектебінің дуэти - Олег Прокопенко және Надежда Каламыцева.

- «Үйлесімді одақ» – Макинск қаласы № 2 жалпы білім беретін мектебінің дуэти - Айдынбек Ермек және Эрика Ионова.

- «Сахналық бейне, имидж» – Алтынды ауылының жалпы білім беретін мектебінің дуэти - Сауле Сабитова және Алмагүл Хуанбай.

- «Көрермен көзайымы» – Тоқтамыс ауылының жалпы білім беретін мектебінің дуэти Ляззат Кудайбергенова және Марина Мамчур.

Бұл байқау педагогикалық ұжымдарды біріктіріп, көпшілікке көтеріңкі көңіл-күй сыйлап, нағыз шығармашылық мерекесіне айналды. Барлық қатысушыларға естелік дипломдар мен сыйлықтар табысталып, жеңімпаздар әріптестерінің зор қошеметіне ие болды.

Осындай шаралар таланттарды ашып қана қоймай, шабыт беріп, ұжымды біріктіріп, кәсіби өмірімізді жарқын сәттерге толтырады.

К. БАЙТЕМИРОВА, аудандық білім беру кәсіподағы Кеңесінің төрайымы.



Яркий конкурс «Кәсіподақ жұлдыздары»

В преддверии Дня единства народа Казахстана, Дня защитника Отечества и Дня Победы наш район наполнился особой атмосферой праздника, творчества и вдохновения - здесь состоялся яркий конкурс «Кәсіподақ жұлдыздары» среди работников образовательных организаций.

С первых минут стало ясно: зрителей ждёт не просто конкурс, а настоящая калейдоскоп эмоций. Каждое выступление превращалось в маленькую историю - о любви к профессии, дружбе, патриотизму и искреннем творчестве. Участники проживали свои номера на сцене, вкладывая душу в каждую ноту и каждое движение. Зал то замирал в трогательной тишине, то взрывался бурными аплодисментами.

Конкурс стал не только творческой площадкой, но и важной возможностью поддержать талантливых педагогов, раскрыть культурный потенциал профсоюзного движения, вдохновить коллег и укрепить командный дух. Именно здесь ярко зазвучали новые имена и раскрылись уже знакомые таланты.

Жюри предстояла непростая задача - оценить выступления по множеству критериев: от оригинальности и музыкального мастерства до сценической культуры и художественной выразительности. И каждый дуэт сумел удивить по-своему: кто-то тронул сердца нежными лирическими номерами, а кто-то зарядил зал мощной энергией и драйвом, превратив выступление в настоящее шоу.

По итогам конкурса: Гран-при заслуженно достался дуэту детской музыкальной школы города

Макинск: Даража Дусаева и Айгүл Тасанова - за яркость, профессионализм и неподдельные эмоции!

1 место – дуэт общеобразовательной школы села Караөзек: Венера Джурманова и Саттігүл Елеш.

2 место – дуэт общеобразовательной школы села Новобратское: Александра Сергеева и Валентина Фомичева.

3 место – дуэт общеобразовательной школы села Айнакөл: Самал Пернебаева и Марфуга Жумабаева.

Номинации:

- «Самая обаятельная пара» - дуэт школы села Вознесенка: Олег Прокопенко и Надежда Каламыцева.

- «Гармоничный союз» - дуэт школы №2 города Макинск: Айдынбек Ермек и Эрика Ионова.

- «Сценический вид, имидж» - дуэт школы села Алтынды: Сауле Сабитова и Алмагүл Хуанбай.

- «Приз зрительских симпатий» - дуэт школы села Тоқтамыс: Ляззат Кудайбергенова и Марина Мамчур.

Этот конкурс стал настоящим праздником единства, таланта и вдохновения. Он объединил педагогические коллективы, подарил море эмоций и ещё раз доказал: учителя – это не только наставники, но и яркие, творческие личности!

Все участники получили памятные дипломы и подарки, а победители – громкие аплодисменты и искреннее признание коллег.

Такие события делают нашу профессиональную жизнь насыщенной, теплее и по-настоящему незабываемой!

К. БАЙТЕМИРОВА, председатель Совета профсоюза образования.



Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті қалыптастыру

Қазақстан үшін сыбайлас жемқорлықты жеңу – мемлекет саясатының басты бағыты, Мемлекет басшысы нақты айқындаған басымдық. Сыбайлас жемқорлық – бұл басқа адамға пайда беру мақсатында осындай басқа адамның немесе лауазымды адамдардың өздерінің бастамасымен және өздеріне немесе үшінші тұлғаларға пайдалу мақсатында жасаған, қоғамға залал немесе өзге де залал келтіруге әкеп соқтыратын неме-

се әкеп соғуы мүмкін (мемлекетке немесе жеке тұлғаға (саяси ұйымға) мемлекеттік немесе саяси функцияларды орындау кезінде) саяси мандатты немесе өзінің қызметтік міндеттерін теріс пайдалану функциялары.

Барлық мемлекеттік органдарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің әртүрлі шараларын қамтитын ведомстволық бағдарламалар мен жоспарлар қабылданады.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңнаманы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы түрлі мемлекеттік бағдарламаларды, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін қылмыстық жауапкершілікті қамтитын сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске қатысты әртүрлі дәрежеде әзірленген заңнама бар. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың негізі қаланды.

Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық дамуға, нарықтық экономиканың құрылысына және инвестицияға кедергі келтіреді. Ол демократиялық мемлекеттің саяси және әлеуметтік институттарына кері әсерін тигізіп, елдің болашағына үлкен қауіп төндіреді.

Бұланды ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы.

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН – ВАЖНО ЗНАТЬ

Жылқы көбейсе – ел ырысы

Халқымыздың танымында Қамбар ата тұқымы ғасырлар бойы байлықтың өлшемі болып қана қоймай, көшпелі тіршіліктің сенімді серігіне айналды. Бүгінде де жылқы шаруашылығының әлеуеті жоғары, ол – әрі көлік, әрі азық, сонымен қатар экономикалық маңызы артып отырған табысты сала.

Қазақ даласында жылқы өсірудің кең таралғанын тарихи деректер айқын көрсетеді. Мәселен, XIX ғасырда өлкеде 20 миллионға жуық жылқы болғаны айтылады. 1880 жылдары бір ғана Орынбор өңірінің өзінде 1,8 миллион бас тіркелсе, XX ғасырдың басында бұл көрсеткіш 8 миллионнан асқан. Алайда кеңестік кезеңдегі ұжымдастыру науқаны түлік санына ауыр соққы болды. 1928 жылы елде 4,5 миллионнан астам жылқы болса, 1939 жылғы санақта небәрі 300 мыңға дейін күрт азайғаны тарихи деректерде көрсетілген.

Бүгінде БҰҰ-ның Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы мәліметінше, әлемде 57 миллионнан астам жылқы бар. Соның 10 миллионнан астамы АҚШ-та шоғырланған. Жылқы өсіруден алдыңғы қатарда Қытай мен Моңғолия да бар. Кейінгі жылдары Қазақстан да бұл бағытта ілгерілеп, жылқы саны бойынша алғашқы ондыққа енді.

Ауыл шаруашылығында өзбек өнімділігін арттырып, өнімнің өзіндік құнын төмендетуге бағытталған мемлекеттік саясат тұрғысынан жылқы шаруашылығын дамыту айрықша мәнге ие. Бұл бағытта асылтұқымды мал санын көбейтіп қана қоймай, оның өнімділігін арттыру, селекциялық жұмысты жүйелі жолға қою – негізгі міндеттердің бірі.

Жылқы шаруашылығының ерекшелігі – оны сырттан әкеліп жерсіндірудің қажеті жоқ. Ел аумағындағы әртүрлі табиғи аймақтарға бейімделген жергілікті тұқымдар мен атадан қалған үйірлі өсіру тәжірибесі бар. Ендігі міндет – осы әлеуетті заманауи технологиямен ұштастырып, саланың тиімділігін арттыру.

Мал асылдандырудағы негізгі тетіктің бірі – аталық іздер арқылы өсіру. Себебі селекция заңдылықтарына сәйкес, адамға қажет пайдалы қасиеттердің берілуі көбіне

аталық мал арқылы нығаяды. Демек, тұқымның генетикалық әлеуеті айғыр сапасына тікелей тәуелді. Практикада ондаған, тіпті жүздеген айғырдың ішінен ең үздігі ғана іріктеледі. Осындай таңдаулы өндірушілердің ұрпағы негізінде жоғары өнімді аталық іздер қалыптасады. Уақыт өте келе олардан зауыттық және тұқымшылық типтер дамып, соның нәтижесінде жаңа тұқымдардың негізі қаланады.

Еліміздегі «Мал шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» құрылған 1933 жылдан бері өнімді, яғни етті-сүтті бағыттағы жылқы шаруашылығында 66 селекциялық жетістік өндіріске енді. Осылай жылқының 3 жаңа тұқымы, 8 тұқымшылық, 10 зауыттық типі мен 45 зауыттық аталық іздері жылқы шаруашылығының тектік қорын молайтты. Бұл селекциялық жетістіктерге «Қазақ мал шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» қызметкерлері қомақты үлес қосты. Аталған саладағы жетістіктердің жалпы санының 53%-ы – осы ұйымның үлесіне тиеді.

Кеңес одағына дейін әлемдік тәжірибеде етті-сүтті бағыттағы арнайы мамандырылған жылқы тұқымдары болған емес. Көптеген елде негізінен салт мінетін, желісті тұқымдар мен ауыр жүк тартатын жылқылар өсірілді. Кей мемлекеттерде, әсіресе бұрынғы одақ құрамындағы республикаларда, орман, дала мен таулы жерлерге бейімделген жергілікті тұқымдар өсірілді.

Өткен ғасырдың 30-жылдары жылқы шаруашылығын дамыту барысында еліміздің аумағында табынды жылқы зауыттары ұйымдастырылды. Бұл зауыттарда аналық топ жергілікті тұқымдардың ең таңдаулы биелерімен толықты. Дегенмен жергілікті биелердің бойы аласалау, бітімі олқы болғандықтан іріктеу барысында жарамсыз деп танылатын. Сондықтан табынды жылқы зауыттарында аналық топтарды қалыптастыруға асылтұқымды айғырларды пайдалану арқылы талапқа сай келетін будан аналықтар алу жолы таңдалды. Алғашында орлов және орыс желісті тұқымдарының айғырлары қолданылғанымен, будан жылқылар атты әскерге сай мініс аттарға



қойылатын талап үдесінен шыға алмады. Осыған байланысты аналық топтар таза қанды айғырлармен, жартылай қанды будандармен шағылыстырылды. Будандастыру тәжірибесі көрсеткендей, жылқыларды жайылымда бағу жағдайында жақсартушы тұқым қанының үлесі артқан сайын будандардың дене бітімі әлсіреп, далалық өрісте жайылу мен төл беру қасиетінің төмендегені байқалды. Осы кемшіліктерді түзету мақсатында табынды жылқы зауыттарында дон тұқымының айғырлары қолданыла бастады.

Күрделі қайта будандастыру, атты әскерге лайық жылқыларды қатаң сұрыптау, жарамды типтегі будандарды «өз төлінен» өсіру оң нәтиже берді. Будандар табын жағдайында еркін өсіп-жетіліп, жұмысқа қабілетті болып, дене бітімі мен сырт тұрпатына қарай салт міністі, арбаға, әскери көлікке жегуге арналған зауыттық жылқыларға сай келді.

Өткен ғасырдың 50-жылдары атты әскердің құрылым ретінде таратылуы жылқының жұмыс малы ретінде пайдалану қажеттілігі азайды да селекция бағыты өзгеріске ұшырады. Сонымен ғалым-селекционерлерге жылқы шаруашылығын етті-сүтті ету бағытында дамыту міндеті жүктелді. Жаңа тұқымды шығару жұмысы Орал мен Ақтөбе өңірлерінде қолға алынып, мұндағы зауыттарда жүргізіліп келген селекциялық жұмыс әрі қарай жалғасын тапты.

Тұқымдық топтағы жылқыларды жетілдіру жұмысы 1976 жылғы 15 сәуірде жаңа белеске көтерілді. Дәл осы күні елімізде өнімді бағыттағы жаңа жылқы тұқымы ресми түрде танылды. Кеңес одағы Ауыл шаруашылығы министрлігінің

бұйрығымен Қазақстанда шығарылған «Көшім» тұқымы селекциялық жетістік ретінде бекітілді. Бұл – әлемдік жылқы шаруашылығы тарихындағы елеулі оқиғалардың бірі.

Аталған тұқымды шығарған ғалымдар көпжылдық еңбегінің нәтижесінде 1980 жылы «Көшім» ет-сүт бағытындағы жаңа жылқы тұқымын жасап, оны өндірісте тиімді қолданғаны үшін ғылым мен техника саласындағы мемлекеттік сыйлыққа ие болды.

Көшім тұқымының артықшылығы, етті келеді, салмағы да жоғары. Бұл тұқым негізгі, шомбал және салт міністі деп үш типке жіктеледі. Негізгі типтегі жылқыларға тән басты белгілер: дене бітімінің ірілігі, конституциясының мықтылығы, бұлшық еттерінің жақсы дамуы мен жыл бойы тебіндеп жайылуға төзімділігі.

Шомбал типтегілер – денесі ірі, тұрқы ұзын, көкірегі кең әрі кеудесі терең, етті пішіні айқын дамыған жылқылар. Үйір ұстаған «Марш» айғырының толысқан кезіндегі таза салмағы рекордтық 711 кг-ге жетті. Шомбал типтегі жылқылар үйірде ұстауға, далалық қуаң аймақтың қатаң климатына бейім болып келеді.

Көшім тұқымын жетілдіру жұмысы зауыттық аталық із негізінде «таза тұқым өсіру» әдісімен жүргізіліп жатыр. Кейінгі жылдары отандық ғалымдардың үйлестіруімен көшім тұқымының «Жанақала», «Мамыр – Ақтөбе» мен «Жәнібек» тұқымшылық типтері апробациядан өтті.

Көшім жылқысын өсірумен негізінен Ақтөбе мен Батыс Қазақстан облыстарының мал шаруашылықтары айналысады. Қазір тұқымның таралу аймағы кеңейді, бүгінде оны Атырау, Ақмола, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Алматы мен Жетісу облыстарының шаруашылық құрылымдары өсіре бастады.

Өкінішке қарай, жекешелендіру науқаны кезінде көшім жылқыларының саны күрт төмендеді. Статистика деректеріне сүйенсек, 1990 жылғы 1 қаңтарда республикадағы шаруашылықтардың барлық санатында көшім тұқымының 56 844 бас жылқысы болған, оның ішінде 9 679 таза тұқымды, ал таза тұқымды биелер

3 162 бас еді. Ал бүгінде Республикалық асылтұқымды мал тізілімінде 2025 жылғы 1 қаңтардағы мәлімет бойынша 7 045 көшім жылқысы тіркелген, оның ішінде биелер 4 992 бас. Яғни тұқым саны бұрынғы деңгеймен салыстырғанда 8 есе азайған.

Кейінгі жылдары елімізде жылқы шаруашылығы қайта жанданып, оның саны артып, бүгінде 5 миллион басқа жуықтады. Жылқы өнімдерінің өндірісі мен сатылымы да артып келеді. Самал-терапия мен иппотерапияға қызығушылық күшейіп, ат туризмі мен атқа салт міну қызметтері де дамып келеді.

Заман талабына сай алдағы уақытта ғылым мен өндіріс алдында сапалық тұрғыдан жаңа сатыға көтерілу, яғни жылқының «мәрмәр» етін өндірудің тиімді жолын қалыптастыру өзекті мәселе болмақ. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін мамандандырылған жылқы тұқымдарынан алынатын, жылқы етін өндіретін, әртүрлі технологиялық әдістері ескерілген, қосымша құны жоғары, терең өңделген жылқы өнімдерінің мемлекеттік стандарттарын дайындау керек.

Әрине, нарыққа жылқы етін жыл бойы тұрақты ұсыну үшін арнайы жылқы бордақылайтын жүйенің қалыптасуы шарт, сонда ғана далада жайылып жүрген малды мезгілінде бордақылауға қойып, олардан сапалы ет өнімін алуға болады. Жүзеге асырылатын осы қарапайым шаруалар нарық талабымен шектеліп қалмай, мемлекет тарапынан пәрменді қолдау тапса ғана жылқы етінің артықшылығы ел игілігіне айналмақ.

«Жылқы малы көбейсе, елдің ырысы артады» дейді. Елімізде жергілікті қазақы жабы жылқысының негізінде етті-сүтті бағыттағы Көшім мен Мұғалжар тұқымдарын барынша қарқынды өсіріп, Қостанай мен Адай тұқымдарын дамытуға пәрмен берілсе, жылқы шаруашылығының әлеуеті артып, ел игілігіне қосар үлесі қомақты болары сөзсіз.

А. ТӨРЕХАН, қазақ мал шаруашылығы және жемшөп өндіріс ғылыми-зерттеу институтының бас директоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор.

Бақылаудан адалдық мәдениетіне

Сыбайлас жемқорлық мемлекеттік институттарға деген сенімді әлсіретеді, әділ бәсекелестікті бұрмалайды және дамуды тежейді.

Қазақстан үшін онымен күрес тек құқық қорғау органдарының міндеті ғана емес, сонымен қатар ашықтыққа, цифрландыруға және қоғамды тартуға бағытталған мемлекеттік саясаттың маңызды бөлігіне айналды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты үйлестіруде негізгі рөлді Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі атқарады. Нормативтік негізді «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң айқындайды. Бұл заң алдын алу тәсілін бекітеді: тәуекелдерді анықтау, құқық бұзушылыққа әкелетін жағдайларды жою және мемлекеттік қызмет пен квазимемлекеттік сектор-

да адалдық стандарттарын қалыптастыру.

Қызметтердің онлайн форматқа көшуі бұрын сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туындаған байланыс нүктелерін едәуір қысқартты. eGov.kz порталы азаматтарға көптеген қызметтерді жеке бармай-ақ алуға мүмкіндік береді. Электрондық сатып алулар, ашық деректер және азаматтардың өтініштерін бақылау жүйелері шешімдердің ашықтығын қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор ұйымдарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтері енгізілуде. Олар тәуекелдерді бағалап, қызметкерлерді оқытып, мүдделер қақтығысын жариялау және ішкі бақылау рәсімдерін қалыптастырады. Бұл тәсіл бұзушылықтың алдын алуға бағытталған.

Азаматтар, үкіметтік емес ұйымдар және

бұқаралық ақпарат құралдарының кері байланысы есептілікті арттырады. Қоғамдық кеңестер мемлекеттік органдардың шешімдерін сараптауға және жүйелі мәселелерді анықтауға мүмкіндік береді.

Ұзақ мерзімді нәтижеге білім беру арқылы қол жеткізіледі: жоғары оқу орындарындағы курстар, мемлекеттік қызметшілерге арналған тренингтер, ақпараттық науқандар. Адалдық кәсіби стандарт ретінде қалыптасады.

Алдын алу шараларымен қатар жауапкершіліктің бұлтартпастығы қағидаты сақталады. Тергеулер мен сот шешімдері лауазымның жауапкершіліктен босапайтынын көрсетеді.

Рәсімдердің күрделілігі, адами фактор, жаңа цифрлық алаяқтық тәсілдері, сондай-ақ сатып алулар мен активтерді басқарудағы тәуекелдер

бақылау құралдарын үнемі жетілдіруді талап етеді.

Тиімді сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат үш негізге сүйенеді: ашық процестер, жеке жауапкершілік және адалдық мәдениеті.

Бұл цифрландыруды жалғастыруды, комплаенсті дамытуды, қоғамдық қатысуды күшейтуді және кадрларды тұрақты оқытуды білдіреді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – бұл бір реттік науқан емес, шешімдер қабылданатын ортаны жүйелі түрде өзгерту.

Рәсімдердегі «сұр аймақтар» азайып, этика стандарттары жоғарылаған сайын, мемлекетке деген сенім артып, қоғамның дамуы жеделдейді.

Ә. ЕСҚАРА, Бұланды аудандық сотының судьясы.

Посевная-2026: южные регионы стартовали, северные – готовятся

Казахстан активно готовится к проведению массовых весенне-полевых работ. Как сообщили сегодня в Минсельхозе, южные регионы страны уже приступили к посевной кампании, засеяно 202 тыс. га. В северных регионах ведется активная подготовительная работа, передает агентство АПК Новости. Общая посевная площадь в Казахстане в 2026 году составит порядка 23,8 млн га, что на 180 тыс. га больше уровня прошлого года.

Площадь под пшеницу сократится на 125 тыс. га, площадь масличных культур увеличится на 55 тыс. га, кормовых – на 237 тыс. га, картофеля – на 10 тыс. га, площадь риса составит 80,3 тыс. га,

хлопчатника — 162,4 тыс. га.

Семенной фонд полностью обеспечен – 2,3 млн тонн семян. Семенной фонд проверен, кондиционность семян составляет 99%. «Нам важно сверить часы, обсудить актуальные проблемы и оперативно их решить. От того, как пройдет посевная кампания, во многом зависит урожайность сельскохозяйственной культуры», – отметил министр сельского хозяйства Айдарбек Сапаров.

Для проведения посевной кампании выделено 402 тыс. тонн удешевленного дизельного топлива.

В сельхозформированиях насчитывается 133,9 тыс. тракторов, около 5,6 тыс. высокопроизводительных посев-

ных комплексов, 71,4 тыс. сеялок, 188,5 тыс. почвообрабатывающих орудий и 70 сервисных центров для технического обслуживания. Готовность техники составляет около 90%.

Регионам, допустившим низкие темпы подготовки к весенне-полевой работе, по данным финансовых институтов на сегодня в рамках программы «Кен дала 2» сформирован пул заявок на 548 млрд тенге, из которых кредиты выданы на 440 млрд тенге. По программе льготного лизинга сельхозтехники поступили заявки на приобретение 3 021 единицы техники на сумму 111 млрд тенге, при этом 90%

техники – казахстанского производства. Отдельно обсуждалась подготовка к защитным мероприятиям против саранчовых вредителей. «Посевная находится под постоянным контролем. Регионы обеспечены льготным дизтопливом, семенами. У аграриев есть все условия для успешного проведения посевной. Главное – провести ВПР в оптимальные сроки и с соблюдением всех агротехнологий.



Это ключевой фактор для получения высокого и качественного урожая», – сказал министр.

Источник: apk-news.kz.

ТАҚЫРЫПТАР ӘЛЕМІНДЕ – В МИРЕ РАЗНЫХ ТЕМ

Еңбек адамы – ел мақтанышы

Ауданымыздың мекемелері мен кәсіпорындарында еліміздің жарқын болашағы үшін аянбай еңбек еткен азаматтар жеткілікті. Қажырлы еңбегінің арқасында олар КСРО-ның ең жоғары марапаты Социалистік Еңбек Ері атағына ие болды. Олардың есімдерін жас ұрпақ білмесе де ауданымыздың аға ұрпағының жадында сақталған. Олар: Ескендіров Қайыржан, Жұман Исабеков, Иван Қарпов, Елена Мейтина және Савва Галушак. Көбінесе Еңбек Ерлерін атағанда алдыңғы төрттік аталады.

Савва Кирилович Галушак бұл жоғары атаққа 1957 жылы тың және тыңайған жерлерді игеруде жеткен жоғары жетістіктері үшін ие болды. Ол кезде Макин ауданының партия комитетінің бірінші хатшысы қызметін атқарып жүрді. Кейін қызмет бабымен Астрахан ауданына ауысады. Жоғары атақ алған жандардың қатарына Тың тау-химия комбинатының (Степногорск қаласы) алғашқы директоры Смирнов Сергей Артемович және № 92 Геологиялық барлау партиясы кеншілерінің бригадирі Зенин Владимир Яковлевичті қосуға болады. Себебі бұл азаматтар қызмет еткен кәсіпорындар «Степногорск» бірлестігіне бағынышты болды. Бірлестіктің басқармасы, және негізгі базасы Макинск қаласында орналасқан болатын.

Осы мақаланың басты кейіпкері Жұман Исабеков пен Мейтина Елена Васильевна болмақ. Себебі бұл жерлестеріміздің өмірге келгеніне биыл 100 жыл. Бүгінде еңбек ерлері өмір сүрген ел өзгерді, заман өзгерді, өмір құндылықтары да өзгеруде, ал өзін Отанының патриоты санайтын азаматтар туған жерінің

тарихын, белгілі тұлғаларын білуге тиіс деген мақсатпен архив құжаттары негізінде осы мақаланы жариялап отырмыз.

Жұман Исабеков 1926 жылдың 3 мамырында Макин ауданының Ұлтуған ауылында дүниеге келген. Еңбек жолын 1945 жылдың мамыр айында Ұлтуған колхозында бастаған. 1948 жылдары Елтай Машина трактор станциясында механизатор кейін Сталин ауданының «Хлебобороб» колхозында бригадирдің көмекшісі болып қызмет етті.

1961-1983 жылдары Тың машина сынау станциясында егіс бригадасы бригадирінің көмекшісі, бригадир, мехотрядтың басшысы болып еңбек етті. Коммунистік партия мен Кеңес үкіметі оның еңбегін жоғары бағалап, КСРО Жоғарғы Кеңесінің Жарғысымен 1981 жылдың 19 ақпанында ауыл шаруашылығын дамытуда көрсеткен табысты еңбегі үшін Жұман Исабековке Социалистік Еңбек Ері атағы берілді.

1983 жылдың сәуір айында Тың машина сынау станциясының № 3 бөлімшенің басқармасы болып тағайындалды. 1986 жылы зейнетке шықты.

Ж. Исабеков 1986 жылдың 9 қыркүйегінде өмірден озып, туған ауылының қорымында жерленді.

Елена Васильевна 1926 жылының 28 қыркүйегінде Атбасар ауданы Мариновка селосында дүниеге келді. Балалық шағында өмірдің тауқыметін көп тартып, еңбекке жастайынан араласты. Еңбек жолын 1943 жылы «Путь к коммунизму» колхозында сауынша болып бастады. Пысық әрі ісіне жауапты

жеткіншекті шаруашылық басшылығы байқап аса еңбекқорлықты қажет ететін іске ауыстырады. Ол 1962 жылдан зейнетке шыққанша дейін «Капитоновский» кеңшарында шошқа бағушы болып еңбек етті. Жаңа жұмысына Елена аса жауапкершілікпен қарап, адал еңбегі мен табандылығының арқасында үлкен жетістіктерге жетті. 1976 жылғы аудандық газет бетінде жарияланған мақаласында Елена Васильевна жоспарланған 600 торайдың орнына 645 торай алып, бесжылдықтың жоспарын төрт жылда орындағанын баяндайды. Сегізінші бесжылдықтың жоспарын орындауда жеткен жетістіктері үшін 1971 жылы Елена Васильевнаға Социалистік Еңбек ері атағы берілді.

Е. Мейтина қоғам өміріне де белсенді атсалысты. 10 шақырылған Қазақ КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды. Аудандық, облыстық атқару комитетінің мүшесі болып азаматтық белсенділік танытты.

Атақ даңқына қарамай өмірде өте қарапайым, жерлестерінен өзгешеленбейтін жан еді деп еске алады Елена Васильевнаны замандастары. 1981 жылы зейнетке шықса да ферма басына келіп өз кәсібінің қыр-сырын, еңбек жолында жеткен жетістіктерін сөз етіп, ерінбей еңбектенудің арқасында ғана жетістікке жетуге болатынын айтатын дейді әріптестері мен шәкірттері.

1998 жылы аудан оталығының көшелерінің біріне Социалистік Еңбек Ері Елена Васильевна Мейтинаның есімі берілді.

Б. ҚОЖАҚАНОВ, аудандық архив директоры.

Семья в мире книг



В Модельной детской библиотеке прошёл информационный час «Семья в мире книг», который был подготовлен специалистами Модельной детской библиотеки в рамках инновационного проекта «Семейное чтение – духовная связь поколений» и посвящено важности чтения в кругу семьи.

Юные читатели пришли вместе с близкими, особенно трогательно было видеть, что вместе с детьми участие принимала бабушка – ещё одно подтверждение того, что книга действительно объединяет поколения.

Участники делились любимыми произведениями, узнавали о роли книги в укреплении семейных традиций и открывали для себя новые истории.

Читайте вместе - ведь книга сближает!

* * *

Между пером и общественным служением



В этом году исполняется 120 лет со дня рождения выдающегося писателя и общественного деятеля Ивана Шухова.

Специалисты Модельной детской библиотеки подготовили и разместили в социальных сетях информационный материал, посвящённый жизни и творчеству автора. Иван Петрович Шухов родился в 1906 году в казачьей станице Пресновской - ныне районном центре Северо-Казахстанской области. Учился в Петропавловском педагогическом техникуме, затем в Омске на рабфаке и в Москве в Литературном институте им. Брюсова.

В конце 20-х годов И. Шухов становится журналистом-очеркистом.

Впечатления детства и огромный жизненный материал, накопленный во время журналистских поездок, вылились в два первых романа Ивана Шухова «Горькая линия» и «Ненависть», созданных писателем в очень короткий срок. «Горькая линия» вышла отдельной книгой в издательстве «Земля и фабрика» в 1931 году, а уже через несколько месяцев журнал «Октябрь» опубликовал «Ненависть». Эти романы писателя, высоко оценённые А. М. Горьким, переиздавались десятки раз.

В 1935 году выходит роман И. Шухова «Родина», позже роман «Действующая армия».

В годы Великой Отечественной войны писатель работает редактором Пресновской районной газеты, пишет патристическую повесть «Письма сибирским казакам».

И. Шухов много работает над переводами произведений казахских писателей. Он познакомил русских читателей с рядом произведений Мухтара Ауэзова, Сабита Муканова, Габита Мусрепова, Габидена Мустафина.

Начиная с 50-х годов, одна за другой выходят его новые книги «Покорители целины», «Золотое дно», «Целинные будни» и другие. Для нового издания романа «Ненависть» писатель кардинально перерабатывает его, создав по сути дела новую книгу. За последние годы И. Шухов совершил несколько поездок за границу, литературным итогом их стала книга «Дни и ночи Америки» и «Югославский дневник».

В 1968 году появляется новая книга И. Шухова «Родина и чужбина». Казгослитиздат издал собрание сочинений писателя в четырёх томах. Писатель-коммунист И. Шухов являлся главным редактором журнала «Простор».

Г. НУРКИШЕВА, старший специалист Модельной детской библиотеки.

Школа мужества и ответственности: пример молодых защитников

Военная служба в Казахстане всегда занимала особое место в формировании гражданской ответственности и патриотического сознания молодежи. Сегодня примером доблести и верности долгу служат пять призванных из Буландынского района, которые проходят службу в городе Курчум на базе Пограничной службы КНБ Республики Казахстан. Это: Виктор Шлюнд, Дмитрий Марченко, Асылбек Бабелхан, Арман Татибаев и Жаншилек Атымтаев.

Служба в подразделениях Пограничной службы Пограничная служба КНБ Республики Казахстан - это не просто выполнение воинского долга. Это школа жизни, где формируются такие качества, как дисциплина, выдержка, взаимовыручка и ответственность за безопасность страны.

Молодые солдаты из Буландынского района, попав в воинскую часть в городе Курчум, быстро адаптируются к армейским условиям, осваивают военную специальность и осознают значимость своей миссии - охраны государственной границы.

Военная служба - это не только обязанность, но и проявление подлинного патриотизма. Каждый день военнослужащие стоят на страже мира и стабильности, защищая территориальную целост-



ность страны и безопасность граждан.

Несомненно, для ребят служба стала важным этапом взросления и личностного становления. Здесь они учатся ценить дружбу, взаимную поддержку и гордиться своей принадлежностью к Вооружённым силам Казахстана.

Истории таких призванных вдохновляют других молодых людей осознанно подходить к выбору жизненного пути. Армия формирует характер, закаляет волю и даёт навыки, которые пригодятся в любой сфере жизни.

Служба в отечественной армии - это возможность проявить себя, укрепить чувство гражданской ответственности и внести вклад в безопасность и развитие государства.

Пример пяти наших земляков, проходящих службу в Курчуме, наглядно показывает, что казахстанская армия - это школа мужества, патриотизма и гражданской зрелости. Их служба - это вклад в будущее страны и пример для подрастающего поколения.

Желаем солдатам успешного завершения службы и возвращения домой!

А. АМАНЖОЛОВА.

2026 жылғы 12 сәуірде тағайындалған Бұланды ауданы Новобратск ауылдық округінің әкімін сайлау қорытындысы бойынша хабарлама

2026 жылғы 12 сәуірде Бұланды ауданы Новобратск ауылдық округінің әкімінің Новобратск сайлау округі бойынша сайлау өтті.

Бұланды аудандық аумақтық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 14-бабының 9) тармақшасына, 44-бабының 2-тармағына, 45-бабына, 113-10-бабына сәйкес, учаскелік сайлау комиссияларының Бұланды ауданы Новобратск ауылдық округінің сайлау нәтижелері туралы хаттамаларының негізінде сайлау қорытындыларын белгіледі:

Новобратск ауылдық округінің әкімінің сайлау бойынша Новобратск сайлау округі:

Сайлау округі бойынша сайлаушылар тізіміне 406 сайлаушы кірді, олардың 339 – дауыс берді. Жарамсыз бюллетеньдер саны – 0, «Барлығына қарсы» жолында белгісі бар – 21.

Әр кандидат үшін берілген дауыстар саны:

Кинабаева А.А. – 34; Шурманова А.Б. – 24; Цечоев Х.А. – 260.

Новобратск ауылдық округінің әкімі болып сайланды: Цечоев Хусен Ахметович, 1971 жылы туған, Новобратск ауылдық округінің әкімі, Бұланды ауданының Новобратск ауылында тұрады, «АМАНАТ» партиясы» қоғамдық бірлестігінің Бұланды аудандық филиалымен ұсынылған.

Бұланды аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.

Сообщение по итогам выборов акима Новобратского сельского округа Буландынского района, назначенных на 12 апреля 2026 года

12 апреля 2026 года состоялись выборы акима Новобратского сельского округа Буландынского района по Новобратскому избирательному округу.

Буландынская районная территориальная избирательная комиссия в соответствии с подпунктом 9) статьи 14, пунктом 2 статьи 44, статьей 45, статьей 113-10 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан», на основании протоколов участковых избирательных комиссий о результатах выборов акима Новобратского сельского округа Буландынского района установила итоги выборов:

Новобратский избирательный округ по выборам акима Новобратского сельского округа:

В список избирателей по избирательному округу включено 406 избирателей, из них проголосовали 339. Число бюллетеней недействительных – 0, с отметкой в строке «Против всех» – 21.

Число голосов, поданных за каждого кандидата: Кинабаева А. А. – 34; Шурманова А.Б. – 24; Цечоев Х.А. – 260.

Избран акимом Новобратского сельского округа Цечоев Хусен Ахметович, 1971 года рождения, аким Новобратского сельского округа Буландынского района», проживает в село Новобратское Буландынского района, выдвинут Буландынский районным филиалом общественного объединения «Партия «АМАНАТ».

Буландынская районная территориальная избирательная комиссия.

РЕДАКЦИЯ ПОШТАСЫНАН – ИЗ ПОЧТЫ РЕДАКЦИИ

ЖАСЫЛ ӘЛЕМ – СҰЛУ ӘЛЕМ

Мемлекеттің байлығы – халық, Халықтың байлығы – денсаулық. Денсаулықтың кепілі – тазалық, Тазалық – өмірдің жүрегі. Тазалықты сақтау негізі – табиғаттан басталады. Себебі табиғат – өмірдің жүрегі. Табиғат – Ана. Тар құрсағын кеңейтіп, 9 ай, 9 күн көтеріп, жарық дүниені сыйлаған Анаға қалай қарасақ, тіршілік мекені – Табиғат – Анаға да солай қарауға тиіспіз. Ананың ақ сүтімен ауызданып, Табиғат-Ананың байлығымен қоректенеміз. Суын ішеміз, ауасын жұтамыз, қазба байлықтарын тұтынамыз, яғни кисек киім, жесек тамақ, тұрсақ баспана, саяхаттасақ сая, паналасақ пана болған, адамзаттың тіршілігінің қайнар көзі – Табиғат – Ана. Ал, сол Табиғат – Ананың экологиялық жағдайын, өз елінің қамын ойлайтын, табиғат байлығын көз қарашындай қорғайтын азамат болып бір сәт ойла-нып көрдік пе?

Қазіргі таңда Жаңа Қазақстан тұрақты дамуының жаңа қадамында жастарды экологиялық біліммен, экологиялық тәрбиемен қаруландыру керек. Экологиялық тәрбие болса, таза

табиғат – Жасыл әлем болады. Жасыл әлем – бұл көтеріңкі көңіл-күй сыйлайтын, жұпар иісті гүлімен, таза ауасы, мөлдір тұнық өзен-көлі, самал желді, көгілдір аспанымен астасқан сұлу әлем. Бірақ Жасыл әлем мәңгі жасыл, әдемі болмайды. Себебі адамзаттың қолымен жасалған қастандығынан Жасыл әлем бұзылады. Ағашын қирату, суын қоқыстармен және зауыттардан шыққан улы заттармен ластау, ауасын түтінмен улау сияқты әрекеттерді жасаймыз. Табиғаттың да жаны бар, сол жанын ауыртып, көңіліне қаяу саламыз. Бірақ «адамдардың табиғатсыз күні жоқ, табиғаттың оны айтуға тілі жоқ» екенін ұмытпағанмыз жөн. Сол себепті де «Жасыл әлем» тұрғыда қоғам белсенділері, жанашыр азаматтар, еріктілер еліміздің экологиялық жағдайына алаңдап, Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Таза Қазақстан» жобасы аясында жоспарлы жұмыстар атқарады, әр ұйымның ауласын тазалайды. Осы жобадан бұрында «Жасыл ЕЛ», «Жасыл Орман», «Жасыл Аймақ»

сияқты бағдарламалармен халықымыз жұмыспен қамтылып, көріктендіру, гүл егу, гүл өсіру қала ішінде болса, қала сыртында елді мекендер мен қала арасындағы жол бойына, жазыққа ағаштар отырғызды. Ол ағаштар жазық даланы жасыл алқапқа айналдырды. Жаз шыға халық осы жасыл алқаптағы ағаштардан қарақат жемісін тереді, бірақ ағаштарды сындырып кетеді, орман ішіне қоқыс тастайды, ұқыптылықпен қарамайды.

Жалпы тазалықты сақтау белгілі бір жұмыс-жоспар аясында ғана ауланы кезекті тазалаумен шектелмей, тұрақты жүріп тұрса, экологиялық тәрбиенің бастамасы болар еді.

Ал, мектеп оқушыларын «Қазақстан қорықтары», «Арал тағдыры», «Семей полигоны», қазіргі «Каспий теңізінің» хал-ахуалынан хабардар етіп қою аздық етеді. Меніңше, әр оқушыға жеке, топтық жобалық жұмыстар ұсынса, олар өздері ізденіп, көріп, зерттеп, зерделеп, табиғатқа жанашырлық сезімі оянып, қорғаушы болады.

«Қанша қалдық? Неше күнде?»

деген жобамен өз отбасының бір айда Табиғат-Анаға тигізетін зиянын білер еді. Мысалы, әр үйден сыртқа шығаратын қоқыстары (полиэтилен пакеттер, қағаз қалдықтары, пластмасса мен шыны бөтелкелер, консерві бангалар) және тамақ қалдықтары, қабықтары неше күнде шіриді, қаншалықты ауаны ластайтыны есептетіп көрсе, сонда ғана табиғатқа жаны ашитын болады. Қоқыс қалдықтарын қайта өңдеп, сұрыптап «Екінші өмір сыйла» жобасымен тұрмысқа пайдалы (пластмасса, баклашкалардан гүл өсіретін ыдыстар, сыпырғыштар т.б.) заттар жасап, керекке жаратсақ, экологиялық мәдениетті қалыптастырған болар едік.

Бұл ғана емес, «Үнемдей біл» жобасымен бір күнде қанша литр (тамаққа қана емес, гранит, дәретхана, кір машинамен, жуыну бөлмесінде пайдаланатын) суды зерделесе, «Судың да сұрау бар» екенін түсініп, тіршілік көзі – суды үнемдеуді үйренер еді. Осылайша, әр жасөспірім өз ортасында табиғатты қорғаудың үлгісін көрсетсе, болашақта

еліміз жасыл әлемге, таза елге айналары сөзсіз.

Ата-бабамыздың «көкті жұлма», «ағашты сындырма» тыйым сөздерін ұстанып, әр отбасы өз ауласын көгалдандырып, гүл өсіріп, ағаш өсірсе, бұл көмірқышқыл газын сіңіріп, таза оттегін бөлер еді. «Бір тал кессең, он тал ек» дегендей, орман алқаптарын көбейтсек, қоршаған ортамызға мейірімдімізді төгіп, тазалықпен қарасақ, еліміздің климаты тұрақты, жасыл желекті, ауасы таза, жасыл әлем болады.

Себебі, біз табиғаттың иесі емес, оның баласымыз. Ал, Табиғат-Ана баласына ешқашан өкпе артпайды, тек қамқорлық күтеді. Өмір сыйлап, тәрбиелеген ата-анамызға сүйіспеншілігіміз қаншалықты болса, өмір сүрген әлемді сыйлаған Табиғат-анаға да соншалықты махаббатымыз болсын. Табиғатты аялай білсек, ол да бізге мол байлығын аямай сыйлайды. Өміріміз – Жасыл әлеммен көркем екенін ұмытпайық.

Г. ЕРЛАН.

Жизнь в тонусе: секреты активного долголетия

Здоровье – это наше богатство, сохранить которое можно только при правильном образе жизни. От физического и духовного состояния человека зависит, насколько интересной и красочной будет его жизнь. Нынче модно вести здоровый образ жизни, потому как обществу нужны успешные и здоровые люди. Существует несколько аспектов ЗОЖ, которым должны следовать люди, желающие успеха.

Здоровый образ жизни подразумевает отказ от табака и употребления алкоголя, рациональное питание, физическую активность (физические упражнения, спорт и тому подобное), укрепление психического здоровья и другие меры по укреплению здоровья.

Принципы образа жизни обычно закладываются в молодом возрасте, поэтому для формирования здорового образа жизни важным является формирование здорового образа в этом возрасте — привычки, сформировавшиеся в молодости, зачастую сохраняются и во взрослой жизни. Данные многочисленных исследований показывают, что здоровье человека в любом возрасте более чем на 50 % зависит от образа жизни. Другими факторами, которые влияют на состояние организма в порядке убывания стоит считать окружающую среду и наследственность, уровень здравоохранения и жизни человека.

Соблюдение ЗОЖ — ключ к хорошему самочувствию в любом возрасте. Специалисты выделяют множество его преимуществ, отвечающих на вопрос, чем полезен здоровый образ жизни: укрепление иммунитета и снижение заболеваемости вирусными и инфекционными недугами; достижение активного долголетия и сохранение даже в старости дееспособности и подвижности; снижение риска развития хронических заболеваний, увеличение длительности периода ремиссий; избавление от плохого настроения, депрессий и стрессов;

активное участие в социальной и семейной деятельности; возможность заниматься любимым делом даже в старости; ежедневно вставать и ощущать себя полным сил и энергии; подавать правильный пример родственникам и детям; иметь здоровое тело и чистую кожу без прыщей и морщин; увеличение возраста появления первых возрастных изменений в организме; чувство, что всё возможно и достижимо. И это далеко не весь перечень положительных результатов, которые достигаются, если соблюдать правила здорового образа жизни. Ещё ни один человек, придерживавшийся на такой системе более 1-2 месяцев, не пожалел о когда-то принятом решении и своём знакомстве с ЗОЖ.

Здоровый образ жизни включает множество разных компонентов, затрагивающих все сферы человеческой жизни. Их соблюдение поможет улучшить здоровье и прибавить бодрости всей семье. Специалисты выделяют следующие основные составляющие здорового образа жизни: занятия спортом; полноценный отдых; сбалансированное питание; укрепление иммунитета; соблюдение правил личной гигиены; отказ от вредных привычек; хорошее эмоционально-психическое состояние.

Давайте поговорим подробнее о каждом из них. Это поможет составить представление, что такое здоровый образ жизни и его составляющие, что нужно делать, чтобы как можно дольше оставаться бодрым, здоровым, красивым и молодым. Сбалансированное питание Любому из нас известно, что еда оказывает на человека огромное воздействие. И от того, что мы включаем в свой рацион, как это готовим и едим, зависит многое. Человек, питание которого сбалансированно, не страдает от дефицита витаминов и минералов, лишнего веса, чувства дискомфорта в животе. Кроме того, при переходе на сбалансированное питание нормализуется работа всех



органов и систем, становится лучше самочувствие, появляется лёгкость.

Вот основные рекомендации по здоровому образу жизни и питанию, которые дают специалисты:

1. Рацион питания должен быть разнообразным, включать в себя молочные и мясные продукты, свежие овощи, фрукты, ягоды и зелень, бобовые и зерновые, морепродукты и рыбу. Принципы здорового образа жизни пропагандируют отказ от фаст-фуда, сдобы и чрезмерного употребления сладостей, замену белого хлеба, выпечки на ржаной и отрубной хлеб.

2. Достаточное потребление жидкости. Для среднего взрослого человека нормой считается 2 л чистой воды в день в обычное время и 3 л – в жаркое. Важно отказаться от вредных напитков: растворимого кофе, чая с ненатуральными добавками и ароматизаторами, сладкой газировки, алкоголя, коктейлей с красителями и улучшителями вкуса. Чистую воду рекомендуется пить за 20-30 минут до еды или же спустя час после приёма пищи.

3. Калорийность суточного рациона не должна превышать норм. Для похудения рекомендуется сократить этот показатель на 500-600 ккал в день. Суточная калорийность рациона у каждого своя и должна рассчитываться индивидуально. В среднем этот показатель для взрослого человека – 2200-2600 ккал.

4. Режим питания также имеет огромное значение. Забудьте об объеданиях на ночь или постоянных перекусах в виде гамбургеров и бутербродов. Начните придерживаться режима дня, в котором примерно в одно и то же время у вас завтрак, второй завтрак, обед, полдник и ужин. Причём наиболее калорийную пищу потребляйте на завтрак и обед.

5. Готовьте только на 1-2 раза, потребляйте всегда свежие продукты. Лучше несколько раз сходить в магазин или на рынок, чем стараться больше наготовить, а значит, и съесть, чтобы купленные овощи/фрукты не пропали.

6. Готовьте только на 1-2 раза, потребляйте всегда свежие продукты. Лучше несколько раз сходить в магазин или на рынок, чем стараться больше наготовить, а значит, и съесть, чтобы купленные овощи/фрукты не пропали.

7. Ищите что-то новое, вносите изюминку в привычный рацион. Красиво сервируйте стол, украшайте даже самые простые блюда, делайте так, чтобы еду хотелось съесть, она выглядела аппетитно и аккуратно. Особенно эти правила здорового образа жизни хорошо работают в детском возрасте. Аппетитный омлет в виде смешной рожицы или порция каши, украшенные кусочками мяса с зеленью съедается детьми разного возраста гораздо охотнее, даже если в привычно виде малыш на отрез отказывался есть это блюдо.

8. Необходимо также следить за сочетаемостью продуктов. Например, два белковых блюда в один приём нельзя есть, так как это ухудшит усваиваемость полезных веществ.

Помните, смена стиля жизни – всегда большой стресс для организма. Для избегания негативных последствий для здоровья и эмоционального состояния вводите правила здорового образа жизни

ни в свою семью постепенно. Например, сначала сократите порции вредных продуктов и придумайте им полезную и вкусную альтернативу. Затем постепенно откажитесь от всего вредного в рационе и больше никогда не такой еде не возвращайтесь. Вы увидите что уже спустя месяц, что ваша семья и здоровый образ жизни подружатся, а не так давно казавшийся аппетитным кремный торт в кондитерской уже не вызывает интереса. Привычный кофе в пакетиках не сравнится по вкусу и аромату со свежеприготовленным напитком и кофе Здоровый образ жизни и его составляющие включают в себя помимо сбалансированного питания и двигательной активности полноценный отдых.

Важно спать не менее 7-8 часов в сутки. Наиболее приемлемым временем для сна специалисты считают промежуток между 10 часами вечера и 6 часами утра. Но здесь необходимо ориентироваться на свои особенности, стиль жизни и биоритмы. Важно лишь помнить, что недостаток сна сказывается на всех сферах здоровья человека, негативно отражается на работе организма, вызывает нарушения обмена веществ и гормональные сбои, а также приводит к другим проблемам.

В заключении можно отметить, что здоровый образ жизни – это особый план мероприятий, подобранный индивидуально для каждого человека, включающий в себя описанные выше критерии и учитывающий физиологию, психологию определённого человека, желательное повысить уровень своего здоровья. Принципы ЗОЖ может выполнять каждый человек, для этого не требуется иметь специальную подготовку, поддержания отличного уровня здоровья и всей жизни в целом доступно всем!

Т. ДОСТОВАЛОВА, медицинская сестра ЗОЖ Буландынской районной больницы.

Көзге көрінбейтін қауіп

Кене энцефалиті — кене шағуы арқылы адамға жұғатын, орталық жүйке жүйесін зақымдайтын жедел вирустық ауру. Бұл ауру табиғи-ошақты инфекцияларға жатады, яғни оның қоздырғышы табиғатта жануарлар мен кенелер арасында айналымда болады. Аурудың қоздырғышы — флави вирус тұрғын тобына жататын вирус. Негізгі тасымалдаушылар — иксодты кенелер. Кенелер вирусты жұқтырған жануарлардың (кеміргіштер, құстар, жабайыңдар) қанын сору арқылы жұқтырады. Адамға көбінесе кене шаққанда жұғады. Сирек жағдайда ауру шикі сүтті (әсіресе ешкі сүтін)

пайдаланғанда да берілуі мүмкін.

Инкубациялық кезеңі әдетте 7-14 күнге созылады, бірақ кейде 1 күннен 30 күнге дейін өзгеруі мүмкін. Бұл ағзаға түскен вирустың мөлшеріне және адамның иммунитетіне байланысты.

Аурудың клиникалық ағымы көбінесе екі кезеңнен тұрады. Бірінші кезеңде науқаста дене қызуы көтеріледі, әлсіздік, бас ауруы, бұлшықет пен буындардың ауыруы, жүрек айну және құсу байқалады. Бұл белгілер бірнеше күнге созылып, кейде уақытша жақсару байқалуы мүмкін.

Екінші кезеңде орталық жүйке жүйесі

зақымдалады. Бұл кезде науқастың жағдайы күрт нашарлайды: қатты бас ауруы күшейеді, мойын бұлшықеттері қатайып, есінің бұзылуы, құрысулар пайда болуы мүмкін. Ауыр жағдайларда қол-аяқтың салдануы дамиды. Аурудың түріне байланысты менингит, энцефалит немесе менингоэнцефалит түрінде өтуі мүмкін.

Кене энцефалиті асқынуларымен қауіпті. Ауырған адамдарда ұзақ уақытқа неврологиялық бұзылыстар сақталуы мүмкін: аяқ-қол әлсіздігі, қозғалыс координациясының бұзылуы, есте сақтау қабілетінің төмендеуі. Кейбір ауыр жағдайларда мүгедектікке

немесе өлімге әкелуі мүмкін.

Диагностикасы клиникалық белгілерге, эпидемиологиялық анамнезге (кене шағуы немесе эндемиялық аймақта болу) және зертханалық тексерулерге негізделеді. Негізгі әдіс – қанда арнайы антиденелерді анықтау. Бұл аурудың арнайы вирусқа қарсы емі жоқ. Сондықтан емдеу симптоматикалық түрде жүргізіледі және көбінесе стационарда дәрігер бақылауымен өтеді. Емнің мақсаты – дене қызуын түсіру, ағзаны уланудан қорғау және асқынулардың алдын алу.

Алдын алудың ең тиімді жолы – вакцинация. Сонымен қатар табиғатқа

шыққанда жабық киім кию, репелленттер қолдану, денені кене бар жоғына тексеру маңызды. Егер кене шақса, оны тез арада алып тастап, міндетті түрде медициналық көмекке жүгіну қажет. Қорытындылай келе, кене энцефалиті – адам денсаулығына үлкен қауіп төндіретін ауру. Бірақ алдын алу шараларын сақтаса, жұқтыру қаупін айтарлықтай төмендетуге болады.

Өзіңізді және жақындарыңызды қорғаңыз!

Буланды аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы.

АҚПАРАТТЫҚ БЕТ – ИНФОРМАЦИОННАЯ СТРАНИЦА

Көкшетауда «Zhastarmen» жобасы жүзеге асырылуда: жастар қауіпсіздігі мен заңға бағыну мәдениетіне басымдық

Кокшетау қаласының прокуратурасы «Zhastarmen» жобасын жүйелі түрде жүзеге асыруда. Жоба кәметке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алуға және өскелең ұрпақтың құқықтық санасын қалыптастыруға бағытталған.

Жоба аясында Полиция басқармасымен бірлесіп, жастар көп жиналатын орындарда, оның ішінде ойын-сауық мекемелерінде тұрақты түрде рейдтік іс-шаралар ұйымдастырылуда. Негізгі назар құқық бұзушылықтардың, соның ішінде есірткі заттарының заңсыз айналымына байланысты қылмыстардың алдын алуға аударылады.

Жүргізілген рейдтер барысында кәметке толмағандардың түнгі уақытта заңды өкілдерінің ойын-сауық орындарында болуының деректері анықталды. Аталған фактілер бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тиісті шаралар қабылданды.

Қала прокуратурасының мәліметінше, мұндай іс-шаралар жазалау емес, ең алдымен алдын алу сипатында өтеді.

«Біздің басты мақсатымыз — құқық бұзушылықтарды анықтау ғана емес, олардың алдын алу. Тәуекел тобындағы жасөспірімдерді дер кезінде байқап, дұрыс бағытқа бағыттау маңызды. Заң мен тәртіп әр азаматтың, әсіресе жастардың саналы әрекетінен басталады», — деп атап өтті Көкшетау қаласы прокуратурасының өкілі Қабиратова Жибек.

Сондай-ақ кәметке толмағандармен және олардың ата-аналарымен түсіндіру жұмыстарына ерекше мән берілуде. Рейдтер барысында құқық қорғау органдарының қызметкерлері профилактикалық әңгімелер өткізіп, заң талаптары мен құқыққа қайшы әрекеттердің салдарын түсіндіреді.

«Zhastarmen» жобасын іске асыру балалар мен жасөспірімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, олардың құқықтарын қорғауға, сондай-ақ заңға бағыну мәдениетін қалыптастыруға және құқық бұзушылықтарға мүлдем тәзбеушілік қағидатын орнықтыруға бағытталған.

Аталған бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жүйелі түрде жалғасатын болады.

В Кокшетау реализуется проект «Zhastarmen»: акцент на безопасность и законопослушание молодежи



Прокуратурой города Кокшетау последовательно реализуется проект «Zhastarmen», направленный на профилактику правонарушений среди несовершеннолетних и формирование устойчивых правовых ориентиров.

В рамках проекта совместно с Управлением полиции проводятся регулярные рейдовые мероприятия, охватывающие места массового пребывания молодежи, в том числе развлекательные заведения. Основное внимание уделяется предупреждению правонарушений, включая преступления, связанные с незаконным оборотом наркотических средств.

В ходе проведенных рейдов выявлены факты нахождения несовершеннолетних в увеселительных заведениях в ночное время без сопровождения законных представителей. По всем установленным случаям приняты меры в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан.

Как отметили в прокуратуре города, подобные мероприятия носят не карательный, а прежде всего профилактический характер.

«Наша главная задача — не только выявление нарушений, но и их предупреждение. Важно вовремя обратить внимание на подростков, находящихся в группе риска, и направить их на правильный путь. Закон и порядок начинаются с осознанного поведения каждого гражданина, особенно молодежи», — подчеркнула представитель прокуратуры города Кокшетау Кабиратова Жибек.

Особое значение придается разъяснительной работе с несовершеннолетними и их родителями. В рамках рейдов сотрудниками правоохранительных органов проводятся профилактические беседы, разъясняют нормы законодательства и последствия противоправных действий.

Реализация проекта «Zhastarmen» направлена на обеспечение безопасности детей и подростков, защиту их прав, а также формирование законопослушного поведения и нулевой терпимости к правонарушениям.

Работа в данном направлении будет продолжена на системной основе.

Сағынышпен еске аламыз...

Ардақты ағамыз, асқар тау әке, мейірімді ата, жүрегі кең, жаны жайсаң азамат Сарманұлы Қаппас өмірден өтті.

Сарманұлы Қаппас 1936 жылы 9 мамырда Қостанай облысы Аманкелді ауданы «Қазақстанның 40-жылдығы» кеңшарында дүниеге келген. Аманкелді орта мектебінде білім алды. 1958-1960 жылдары Семей қаласында әскери борышын өтеді.

«Қазақстанның 40-жылдығы» атындағы кеңшарында ұзақ жылдар бойы шопан болып еңбек еткен. 1976, 1977, 1978, 1980 жылдары Социалистік жарыстың жеңімпазы болды.

Қазақ қойдың әр жүзінен 120-дан қозы алған, «Еңбек Қызыл Ту» ордені мен мерекелік медальдармен марапатталған. Лениннің 100-жылдығына орай қажырлы еңбегі үшін медаль табысталды. Ауыл



шаруашылық саласына қосқан еңбегі өте зор.

Қостанай облысы, Аманкелді ауданының құрметті азаматы.

Қазіргі таңда атаның жолын өзінің балалары мен немерелері жалғастырып келе жатыр.

Мал бағу – тек еңбек қана емес, ол үлкен жауапкершілік пен даналықты талап етеді. Әр түліктің жайын біліп, жыл мезгілдеріне орай қам жасау, олардың бабын табу – үлкен тәжірибе мен мейірімділікті қажет етеді. Атамыздың еңбегін тиынақты атқару бізге тәртіп пен адалдықтың үлгісі болды.

Марқұмның жарқын бейнесі мен өнегелі өмірі біздің жүрегімізде мәңгі сақталады. Ол кісінің жасаған игі істері мен артында қалдырған жақсы ізі кейінгі ұрпаққа әрдайым үлгі болып қала бермек. Жаны жәннатта, иманы саламат болып, жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын. Артында қалған отбасына, туған-туыстарына Алла сабыр мен күш-қуат берсін.

Еске алушылар: Сармановтар әулеті.

2026 жылы «Парыз» бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі конкурсы

«Парыз» бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі конкурсы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы № 523 Жарлығына сәйкес 2026 жылы «Парыз» бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі конкурсы басталады.

Конкурс екі кезеңде: өңірлік және республикалық деңгейде өткізіледі. Оған жеке кәсіпкерлік субъектілері қатыса алады.

Лауреаттар атағы екі санатта:

- 1) шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі;
- 2) ірі кәсіпкерлік субъектісі;

және төрт номинация бойынша беріледі:

- 1) «Үздік әлеуметтік жауапты кәсіпорын»

Бұл номинацияда өз персоналын қолдауға, мүмкіндігі шектеулі адамдарды әлеуметтік бейімдеуге және жалпы қоғамның әлауқатын жақсартуға бағытталған әлеуметтік бағдарламаларды (еңбекақыны және әлеуметтік төлемдерді төлеуді, кадрларды кәсіптік даярлау мен қайта даярлау жүйесін ұйымдастыру, мүмкіндігі шектеулі адамдарды барынша көп мөлшерде жұмысқа орналастыру және тағы басқалар) іске асыратын үміткерлердің қызметі қаралады.

2) «Еңбекті қорғау саласындағы үздік кәсіпорын» Бұл номинацияда еңбек қызметі процесінде қызметкерлердің денсаулығын сақтауға мүмкіндік беретін еңбек жағдайларын жасайтын үміткерлердің қызметі қаралады.

3) «Үздік ұжымдық шарт»

Бұл номинацияда Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қызметкерлердің еңбек және әлеуметтік құқықтарын едәуір жақсартатын және нығайтатын ұжымдық шарттар қаралады.

4) «Экологияға қосқан үлесі үшін»

Бұл номинацияда қоршаған ортаны жақсартуға бағытталған табиғатты қорғау (экологиялық) бағдарламаларын іске асыруда ерекше көзге түскен үміткерлердің қызметі қаралады.

Конкурста «Жылдың үздік әлеуметтік жобасы»

арнайы сыйлығы бекітіледі.

Бұл арнайы сыйлықта бизнес іске асыратын, халықтың әлеуметтік осал және аз қамтылған топтарының жұмыспен қамтылуына және (немесе) тұрмыс жағдайларын жақсартуға ықпал ететін әлеуметтік жобалар қарастырылады.

Конкурсқа қатысуға:

- 1) қызметін кемінде үш жыл жүзеге асырып жүрген;
- 2) тарату сатысында емес, банкрот деп танылмаған;
- 3) жойылмаған еңбек заңнамасының бұзушылықтары, оның ішінде қызметкерлердің жалақысы және басқа да төлемдері бойынша мерзімі өткен берешегі жоқ;
- 4) қызметкерлермен ұжымдық еңбек даулары жоқ;
- 5) жарғылық к а п и т а л д а р д а ғы мемлекеттің қатысу үлесі кемінде 50 пайызды құрайтын акциялары бар;
- 6) Қазақстан Республикасының аумағында саяси, кәсіподақ және діни ұйымдарды қолдауға бағытталмаған әлеуметтік және қайырымдылық қызметті жүзеге асыратын;
- 7) конкурсқа қатысуға берілген өтінімде дәйекті мәліметтер көрсетіп, сондай-ақ толық көлемде құжаттар ұсынған үміткерлер жіберіледі.

Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдау 2026 жылдың 1 шілдесіне дейін жалғасады. Қатысушылардың құжаттары hr.enbek.kz сайты арқылы қабылданады.

Қосымша ақпарат алу үшін «Бұланды ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ-не немесе 2-23-06, 2-14-26 телефон нөмірлері бойынша хабарласуға болады.

«Бұланды ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ.

Конкурс по социальной ответственности бизнеса «Парыз» в 2026 году

В соответствии с Указом Президента Республики Казахстан от 23 января 2008 года № 523 «О конкурсе по социальной ответственности бизнеса «Парыз» объявляется о начале проведения конкурса по социальной ответственности бизнеса в 2026 году.

Конкурс проводится в два этапа: на региональном и республиканском уровнях. В нем могут принимать участие субъекты частного предпринимательства.

Звания лауреатов конкурса присуждаются в двух категориях:

- 1) субъект малого и среднего предпринимательства;
 - 2) субъект крупного предпринимательства;
- и по четырем номинациям:

- 1) Лучшее социально ответственное предприятие»

В данной номинации рассматривается деятельность претендентов, реализующих социальные программы, направленные на поддержку собственного персонала, социальную адаптацию людей с ограниченными возможностями и улучшение благосостояния общества в целом (организация оплаты труда и социальных выплат, системы профессиональной подготовки и переподготовки кадров, трудоустройства наибольшего количества людей с ограниченными возможностями и так далее).

- 2) «Лучше предприятие в области охраны труда»

В данной номинации рассматривается деятельность претендентов, создающих условия труда, позволяющие сохранить здоровье работников в процессе трудовой деятельности.

- 3) «Лучший коллективный договор»

В данной номинации рассматриваются коллективные договоры, значительно улучшающие и укрепляющие трудовые и социальные права работников, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.

- 4) «За вклад в экологию»

В данной номинации рассматривается деятельность претендентов, значительно отличившихся в реализации природоохранных (экологических) программ, направленных на улучшение состояния окружающей среды.

В конкурсе учреждается специальная премия «Лучший социальный проект года».

В данной специальной премии рассматриваются социальные проекты, реализуемые бизнесом, способствующие занятости и (или) улучшению условий жизни социально-уязвимых и малообеспеченных слоев населения.

К участию в конкурсе допускаются претенденты, которые: 1) осуществляют деятельность не менее трех лет; 2) не находятся в стадии ликвидации, не признаны банкротом; 3) не имеют не устраненных нарушений трудового законодательства, в том числе просроченную задолженность по заработной плате и другим выплатам работникам; 4) не имеют коллективно-трудовых споров с работниками; 5) имеют акции, доля участия государства в уставных капиталах, которых составляют не более 50 процентов; 6) осуществляют социальную и благотворительную деятельность на территории Республики Казахстан, которая не должна быть направлена на поддержку политических, профсоюзных и религиозных организаций; 7) в заявке на участие в конкурсе указали достоверные сведения, а также в полном объеме представили документы.

Прием заявок на участие в конкурсе продлится до 1 июля 2026 года. Документы участников будут приниматься через сайт hr.enbek.kz.

Для получения дополнительной информации можно обращаться в ГУ «Отдел занятости и социальных программ Буландынского района» или по номерам телефонов 2-23-06, 2-14-26.

ГУ «Отдел занятости и социальных программ Буландынского района».